

Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаға өзгеріс енгізу туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2023 жылғы 25 мамырдағы № 5 шешімі

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңес **пешті:**

1. Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымша мынадай мазмұндағы 19¹-тармақшамен толықтырылсын:

"19¹. Үшінші елдермен саудада тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесіне енгізілген тауарлардың экспорты мен импортына лицензиялар және рұқсаттар беру қағидаларын бекіту."

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап, бірақ 2023 жылы 25 мамырда қойылған 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама күшіне енген күннен кейін ғана күшіне енеді.

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан